

ISSN 2073-333X

Международный научный журнал

Қазақстанның ғылымы мен өмірі
Наука и жизнь Казахстана
Science and life of Kazakhstan

№3/3 2020



Салахиден Нурсариевич Сабикенов
доктор юридических наук, профессор,
Академик НАН РК

Құрылтайшы:

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

Учредитель:

МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ КЛУБ

Founder:

INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN**

**Халықаралық ғылыми журнал
Международный научный журнал
International science journal**

№3/3

Бас редактор – Алауханов Е.О.

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», заң ғылымдарының докторы, профессор

Главный редактор – Алауханов Е.О.

«Заслуженный деятель Казахстана», доктор юридических наук, профессор

Editor-in-chief – Alaukhanov Ye.O.

«Honored Worker of the Republic of Kazakhstan», doctor of Law Sciences, professor

Алматы 2020

МАЗМУНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

Салахиден Нурсариевич Сабикенов.....	19
--------------------------------------	----

ЗАҢ ҒЫЛЫМЫ – ЮРИДИЧЕСКАЯ НАУКА – LAW SCIENCE

Abdilda D., Aliyeva M., Zhailay Zh. INTERPRETATION OF THE IMPLEMENTATION OF THE NORMS OF INTERNATIONAL LAW IN THE NATIONAL LEGISLATION.....	23
Adanbekova Z.N., Alaeva G.T., Nurahmetova G.G. FEATURES OF LEGAL REGULATION OF ELECTRONIC TRANSACTIONS.....	28
Адилгазы С., Алибеков С.Т., Аратұлы Қ. КОНСТИТУЦИОННЫЕ ГАРАНТИИ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЗАЩИТЫ ПРАВ И СВОБОД ЛИЦ ПОЖИЛОГО ВОЗРАСТА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....	32
Арипов Д.С., Нысанбекова Л.Б. ОСПАРИВАНИЕ СДЕЛОК ЮРИДИЧЕСКИХ ЛИЦ В ПРОЦЕДУРЕ БАНКРОТСТВА	37
Әбділда Д.Ә., Жайлау Ж., Алтынбаев Е.Т. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ Қ.-Ж. ТОҚАЕВТЫҢ БІРІНШІ ЖОЛДАУЫ АЯСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ТЕТІКТЕРІ	40
Vazhenova M. SUBJECT AND OBJECT OF CRIMINOLOGY	46
Баженова М.Д. КРИМИНОЛОГИЯ ЖҮЙЕСІ	49
Балабиев Қ.Р. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ОНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	52
Бегалиев Е.Н. ОСОБЕННОСТИ ПЕРВОНАЧАЛЬНОГО ЭТАПА РАССЛЕДОВАНИЯ ПРЕСТУПЛЕНИЙ, СВЯЗАННЫХ СО СЛУЖЕБНЫМ ПОДЛОГОМ.....	58
Борейчук А.Ю. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ПРИ ПРОВЕДЕНИИ СУДЕБНОГО РАЗБИРАТЕЛЬСТВА: ОПЫТ СОЕДИНЕННЫХ ШТАТОВ АМЕРИКИ	63
Bolat A.A., Saimova Sh.A. ACTUAL PROBLEMS OF DISARMAMENT OF SMALL ARMS AND LIGHT WEAPONS AT THE PRESENT STAGE	68
Bolat A.A., Saimova Sh.A. DISARMAMENT IS THE GUARANTEE TO INTERNATIONAL SECURITY	72
Бухарбаева С.С. ЭТИКО-ПРАВОВЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ГЕНОМА ЧЕЛОВЕКА	76
Бухаева А.А., Кереев А.А., Жамбаев Е.С., Сагадиев А.Н. ОСНОВНЫЕ КОНЦЕПЦИИ КОНСТИТУЦИОННОЙ ТЕОРИИ ГЕРМАНИИ	83
Глотова М.Н. ИСТОРИЯ СОЗДАНИЯ СВМДА: ОТ ИДЕИ ДО ПРИМЕНЕНИЯ.....	88
Кабжанов А.Т., Әбдіжәми А.Ж., Тапакова В.Б., Муратова Э.М. ДЕКРИМИНАЛИЗАЦИЯ КЛЕВЕТЫ И ДИФФАМАЦИЯ В ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	93
Копбаев Д.З., Мауяева С.Т., Абдикешов М.К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕДИАЦИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ	98
Кошкинбаева А.С. СОЦИАЛЬНО – ПРАВОВАЯ ЗАЩИТА ЛЮДЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ.....	104
Қаржасова Г.Б., Нурпеисова А.К., Абиев Е.С., Сыздыкова С.А. ЕЛІМІЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТКЕ АЙНАЛУЫНДАҒЫ БАСТЫ ҚАДАМДАР	108

КОПБАЕВ Д.З.

заң ғылымдарының кандидаты, доцент

МАУЯЕВА С.Т.

заң ғылымдарының магистрі, құқық кафедрасының аға оқытушысы
Қазақ Ұлттық аграрлық университеті

АБДИКЕШОВ М.К.

заң ғылымдарының магистрі, құқық кафедрасының аға оқытушысы
Қазақ Ұлттық аграрлық университеті

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕДИАЦИЯ САЛАСЫНДАҒЫ
ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ**

Бүкіл әлемде медиация құқықтық дауларды шешудің әмбебап әдісі ретінде сәтті енгізіліп келе жатыр. Аталмыш институт Біріккен Ұлттар Ұйымы, Европалық Одақ, Халықаралық қайта құру және даму банкі, Халықаралық сауда ұйымы және т.б. беделді ұйымдардың назарын өзіне аудартып отыр.

Қазіргі сәтте медиация саласында шешімін таппай тұрған келелі мәселелер өте көп. Туындаған дауларды шешу әдісі ретіндегі медиация туралы деректерге әлі жеткілікті көңіл бөлінбеді және кең тарала қойған жоқ. Бұл әмбебап татуластыру институты шағын қалалар мен ауылдық елдімекендерге әлі күнге толықтай жетпеді.

Сонымен бірге құқықтық заң жобасын қабылдай отырып, Қазақстан бүкіл әлемдік қауымдастықтағы тәрізді жалпы құқықтық мәдениетке қосылды. Бұл бағытты төмендегі келтірілген факторлармен сипаттауға болады:

1. Азаматтық айналым саласы аясының кеңеюі және күрделенуі, қатынастар сипатындағы өзгерістер даулар санының артуына алып келеді. Бұл әсіресе азаматтық, еңбек, отбасылық және әкімшілік құқықтық қатынастарда айрықша байқалады. Заманауи қоғамда заң даулары әлеуметтік үрдістердің табиғи динамикасы мен қатынастарды реттеудің қажетті механизмін түрлендіре отырып, адамдардың мүдделері мен қажеттіліктеріне қарай еселеп артады.

2. Даулардың шешуші басты институт – бұл құқық қорғау органдары мен сот. Бүгінгі таңда олардың атқаратын жұмысы тым көп, бұл өз кезегінде жалпы жүйенің жұмысына әсерін тигізеді, дауларды құқықтық реттеудің нәтижелілігін төмендетеді. Оған қоса, заманауи әлемде сот жүйесі мемлекет тарапынан барынша көп қаржылық қолдауды қажет етеді, ал бұл мүмкіндіктер қаржылық дағдарысқа байланысты бюджетке ауырлық салып отыр. Сонымен қатар кез-келген мемлекет жоғары деңгейдегі құқықтық көмекті талап етпейтін істерді соттан тыс жеке тәртіптегі ұйымдарға беруді тиімді санайды. Медиация институтының қалыптасу кезеңінде құқықтық дауды шешудің сотқа дейінгі міндетті кезеңінің маңызы зор.

3. Әртүрлі жұмыс субъектілері арасындағы тұрақты шаруашылық байланыстар орнатпай, азаматтық айналым тиімділігіне қол жеткізіп, нарықтық қатынастарды қалыптастыру мүмкін емес. Екі жақты серіктестік мақсаттарын көздейтін табиғаты бөлек келіссөздер дауларды шешудің ең үздік және сәтті әдісіне айналуы мүмкін.

Сонымен қатар ҚР Соттар одағының V Съезінде Тұңғыш Президент сот тәртібінде қаралуы тиіс даулар санының азайғанына назар аударған болатын. Мұнда оларды реттеу әдістерін, оның ішінде татуластыру процедураларын енгізу жайлы мәселелер көтерілді.

Осылайша, 2011 жылдың 28 қаңтарында тұңғыш Президент Қазақстан Республикасының медиация мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы №402-IV Заңға қол қойды. Сәйкес өзгерістер мен толықтырулар ҚР АҚ (Жалпы бөлімі), ҚР ҚК, ҚР ҚПК, ҚР АПК, ҚР АҚК және Қазақстан Республикасындағы Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 23.01.2001 жылғы Заңына да енгізілді.

Басқа мәселелерді ескермегенде, Қазақстан Республикасы АПК 49-бабына сәйкес, қатысушылар істі делдалдық жүйеде дауды шешу туралы бейбіт келісім арқылы аяқтай алады, бұл келісімге қатысушылар қол қояды және сот бекітеді. Мұнда кей авторлар өзгерістер енгізіп, «бейбіт келісім» сөзін алып тастау

туралы ұсыныстар жасады [1]. Себебі тәжірибе жүзінде тараптар мен соттар медиация тәртібінде дауды шешу туралы қағиданы мүлдем ескермейтін жағдайлар да кездесті. Бұл болашақта медиациябойынша құқықтық актілерге бейжай көзқарас қалыптасуының алдын алуға жағдай жасар еді.

2010 мен 2020 жылдар аралығына арналған ҚР Құқықтық саясаты концепциясының 2.7-бөлімінде [2] азаматтық-процесстік құқық дәлі сотты жүзеге асыруға, азаматтық сот ісіне қатысушыларды құқықтық қамтамасыз ету, тұлғаның бұзылған еркіндіктері мен құқықтарын, қоға мен мемлекет мүдделерін уақтылы қорғау және қалпына келтіруге бағытталған деп көрсетілген. Концепция авторларының пікірі бойынша, азаматтық процесстік заңнама сапасын арттыру үшін азаматтарға өздерінің сотта қорғалу құқығын жан-жақты іске асыру мүмкіндігін беретін, әділ соттың қол жетімділігін қамтамасыз ету әдістері мен жолдарын анықтауда жатыр дейді. Бұл тұста сот баж салығы институтын сапалы реформалау үлкен рөл атқарады. Айтылып отырған мәселенің өзектілігі де айқын. Соттарға төленетін мемлекеттік баж салығы институтын реформалау, салықтық және процесстік заңнамаға сәйкес өзгерістер енгізу мәселесі 21.07.2011 жылғы № 467-IV және 17.02.2012 жылғы № 565-IV Заңында көрсетілген.

Сонымен қатар соңғы Заңда заң шығарушы орган ҚР Салық Кодексінің 548-бабының 1-тармағына 1-2-тармақшаны қосымша енгізді, нақтырақ айтқанда қайтару бойынша бұрыннан болған негіздерді ескермегенде, «төленген мемлекеттік баж салығы» дауды медиация тәртібінде шешу кезінде келісім жасалған жағдайда ішінара немесе толықтай қайтарылады. Бұл құқықтық норма 2012 жылдың 1 шілдесінен бастап заңды түрде күшіне енді.

ҚР АПК 106-бабына сәйкес, егер тараптар медиация көмегімен бейбіт келісімге келуге шешім қабылдаса, төленген мемлекеттік баж салығы қайтарылады, осыған байланысты сот сәйкес анықтама шығарады.

Заманауи қарқынды дамып келе жатқан қоғамда осы салаға қатысты халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу ауадай қажет. Әр адамға бейбіт келісім жасалған кезде мемлекеттік баж салығы қайтарылмайтынын, тек дауды медиация тәртібінде шешу туралы келісім жасалғанда ғана салық толықтай немесе ішінара қайтарылатынын түсіндіру керек.

Сондай-ақ берілген заңның ҚР АПК 153-бабына сот талап арызды қабылдаудан бас тартатын басқа да негіздерге қосымша өзгеріс енгізілді, осыған сәйкес дауды шешу туралы келісім болған жағдайда сот талап арызды қабылдамайды. Аталған Заң судьяға істі сот талқылауына дайындау кезінде тараптарға ҚР ҚПК 170-бабының 4-тармақшасына сәйкес медиация тәртібінде шешу құқығын түсіндіру міндетін жүктеді, бұл құқық пен мұндай іс-әрекеттердің салдарын судья сот талқылауының басында және істі қарау кезеңінде басқа құқықтармен бір қатарда түсіндіріп өтеді (ҚР ҚПК 185-бабы, ҚР ҚПК 192-бабы). Көріп отырғанымыздай, шағым бергеннен кейін тараптар дауды медиация тәртібінде шешу туралы келісімге келген жағдайда, істі апелляциялық және кассациялық кезеңдерде қайта қарауда медиацияны пайдаланудың тиімділігі зор, осыған байланысты ҚР ҚПК 342-бабы, 383-11-бабына толықтырулар енгізілді.

Шын мәнінде іс жүзінде соттар бұл норманы ескерусіз қалдырып, дауды медиацияны пайдалану арқылы шешуге болатынын түсіндірмейді. Олардың кейбірі медиация процедурасы медиация жүргізуге байланысты көп қағазбастылыққа алып келеді деген жаңсақ пікірде. Осы тұста «өкілдің өкілеттіліктері» тізіміне де тоқтала кету артықтық етпейді. Осылайша, 2012 жылдың 1 шілдесінде күшіне енген 17.02.2012 жылғы ҚР істерді апелляциялық, кассациялық және бақылаушы тәртіпте қарауды жетілдіру, әділ сотқа деген сенім деңгейін арттыру және қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ҚР нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы [3] ҚР Заңына, ҚР АПК 61-бабына өкілдердің өзі өкіл болған адамның атынан істі арбитражға беру бойынша құқықтары; медиация жүргізу туралы келісім жасау құқығы; дауды медиация институты шеңберінде шешу туралы келісім жасау құқығы туралы толықтырулар енгізілді. Оған қоса осы баптың 2-бөліміне сәйкес берілген өкілеттіліктер өкіл беретін сенімхатта арнайы көрсетілуі тиіс.

Бұл жерден көріп отырғанымыздай, қарастырылған тізім бірінші кезекте заңнамалық базаның жаңалықтарын түсіндіруі керек, ал нотариустар сенімхаттарды растау кезінде сенімді өкілден өкіл жасайтын барлық іс-әрекеттердің қажеттілігі туралы ақпаратты анықтап алуы тиіс [4]. Біздің ойымызша, ҚР АПК 61-бабының талаптарын өкілдер сотқа медиациялық процедураны қолдану келісіміне келгені туралы мәлімдеме жасаған жағдайда толықтай сақтап, берілген сенімхатқа баса көңіл бөлуі тиіс.

Қазақстанда медиация нәтижелі құқықтық институт болуы үшін кешенді тәсілдеменің атқаратын рөлі зор.

Медиация институты кәсіби және кәсіби емес медиаторлар болып екі негізгі бағытқа бөлінеді. Берілген заң медиаторларға қойылатын талаптарды да ескерген, осылайша берілген баптың 3-тармағына сәйкес 40 жасқа толған, кәсіби емес делдалдар тізімдемесіне кіретін тұлғалар кәсіби емес медиатор бола алады, ал 25 жасқа толған, ҚР Үкіметінің 03.07.2011 жылғы №770 «Медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқытудан өту қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес сертификаты бар тұлғалар кәсіби медиатор бола алады.

Оған қоса, кәсіби және кәсіби емес медиаторлармен бірге медиация процедурасын жергілікті қауымдастық жиналысының хаттамасы негізінде үлкен өмірлік тәжірибе, беделге және мінсіз репутацияға ие мүшелер жүргізе алады (Заңның 15-бабы). Оларды тіркеуді жергілікті округтік әкімшіліктер жүзеге асырады (Заңның 16-бабы).

Біздің пікірімізше, арнаулы дағдылары бар, адамдардың психологиясын жақсы білетін, айрықша жеке қасиеттерге, өмірлік тәжірибеге ие тұлғалар медиатор бола алады. Алайда бұл да толықтай жеткілікті емес. Білікті медиатор болу үшін арнаулы заң білімін алу қажет.

Осы себепті де қосымша өзгерістер қажет, алдағы уақытта медиатор мәртебесін иелену үшін міндетті заң білімінің болуы жайлы негізгі талап енгізілуі тиіс. Сонымен қатар жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасына медиаторларды даярлауды енгізу мүмкіндігі ұсынылып отыр. Егер заң шығарушы аса білікті мамандар даярлау үшін лайықты жағдайлар жасаса, аталмыш қызметке деген сәйкес сұраныс туындайды, себебі білікті маманды көрген адамдар оның қызметіне жүгініп және келесі жағдайларда да қайта қызметін пайдалануға дайын болады. Кәсіби емес медиаторлар жұмысының негізі татуластыру процедураларын қалыптастыру бойынша қызметті іске асыруға арналған жекелеген ұйымдастырушылық-құқықтық формаларды енгізуді қажет етеді, бұл медиация институтын құқықтық дауларды реттеу қызметінің айрықша түрі ретінде танытады. Негізінен, бұл жұмыстар жекелеген заңнамалық нормативтік құқықтық актілерді қабылдау арқылы іске асады, ол жерде медиация туралы жалпы қағидалар көрсетіледі, оның қағидалары ескеріледі және сақталады, бұл механизмнің құқықтық кепілдері сипатталады, медиацияны кәсіби емес түрде пайдалану арқылы дауларды шешуді қолдайтын делдалдар мен ұйымдарға қойылатын талаптар беріледі.

Медиацияның кәсіби емес формасы заң органдары саласында басқа да ұйымдармен қатарласа жұмыс жасай алмайды. Дауды шешудің басымдық берілген әдісі ретіндегі тараптардың келісімге келуіне белсенді қатысуды жүзеге асыру мақсатында бөлінген медиация құрылымын жасау керек, ол жұмыс үрдісінің ерекшеліктерін назарға ала отырып, заң жұмысының ерекшеліктері ескерілетін тәсіл.

«Медиация туралы» заңды қабылдаумен бірге делдалдықты құқықтық мәдениетке қосуға арналған қағидалар енгізіліп, бұл форманы дамыту негіздерінің қалануы бекер емес. Сонымен бірге заңның қабылдануы барлық мәселе оңай шешіледі дегенді білдірмейді, өйткені медиация дауларды шешу жолдарының біріне айналуы үшін, осы тұста туындайтын тағы бір міндетті орындау керек. Мысалы, кәсіби медиаторларды даярлау және медиация жұмысын сәйкес органдармен үйлестіру арқылы қажетті құралдарды қалыптастыру.

Қазіргі сәтте кәсіби делдалдардың жетіспеуі соттар жүктелімінің азаймауына тікелей әсер етіп отырғаны белгілі болды. Заң нормасына сәйкес, істі сотта қараған жағдайда, егер тараптар дауды медиация көмегімен шешуге шешім қабылдаса, ол жұмысын тек кәсіби негізде жүргізетін делдалдар арқылы ғана жүзеге асырылуы керек.

Кәсіби медиаторлар институты құқықтық дауларды шешудің сотқа дейінгі кезеңіндегі мәселелермен тығыз байланысып жатады. Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, міндетті медиация процедурасын енгізудің ең үздік нұсқасы – жүйені кезең бойынша енгізу.

Бірінші кезең: судьяның медиация міндетті тәртіпте жүргізілетін міндеттер шеңберін анықтауы және істі сот талқылауында қарауды ұйымдастыру барысында медиация тағайындауы. Осы мақсатта соттарды арнайы оқыту қажет, бұл оларға медиация институтының шектеулері мен нақты жағдайды медиациямен шешу мүмкіндіктерін білуге жағдай жасайды. Нәтижесінде соттардың жүктемесін азайтып және медиация жолымен шешуге барынша қолайлы болатын дау түрлері анықталып, тәжірибе жалпылама сипатқа келтірілуі керек.

Сондықтан да ҚР «Медиация туралы» Заңының 30-бабы 3-тармағын алып тастау ұсынылып отыр, мұнда қылмыстық тергеуді жүргізетін органдардың лауазымды тұлғалары мен сот тараптарды медиацияға жүгінуге мәжбүрлей алмайды.

Екінші кезең: шешу үшін медиация институты міндетті түрде қажет болатын дау түрлерін нормативтік құқықтық актілерде бекіту. Медиация институтын дауларды сотқа дейінгі реттеудің міндетті тәртібі форматында енгізіп, қылмыстық тергеуді жүргізетін органдардың лауазымды тұлғалар мен соттардың делдалдық міндетті болмайтын даулар санаттары бойынша азаматтық немесе қылмыстық іс қозғағаннан кейін медиация институтын міндетті тәртіпте жүргізу туралы үкімді қабылдау мүмкіндігін сақтап қалу керек. Туындаған сұрақтарды процесстік кодекстерде қарастыру керек.

Медиациялық процедураны кезең бойынша енгізудің берілген сызбасын пайдаланудың бірқатар артықшылықтары бар, бірінші кезеңді іске асыру мерзімі ішінде сәйкес делдалдарды дайындауға болады, осының салдарынан медиацияны міндетті сотқа дейінгі жүйе ретінде нормативтік енгізу шартты сипатқа енеді, соттар мен құқық қорғау органдарының жұмысын жеңілдету орнына оларға қосымша қиындықтар қосып алуымыз ғажап емес.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта аталған мәселе заң жағынан толық пысықталмағандықтан және медиаторлар саны жеткілікті болмағандықтан, делдалдық институтын құқықтық дауларды сотқа дейінгі міндетті шешу үрдісі ретінде нормативтік енгізудің қажетті талаптары дайындалмаған.

Төменде көрсетілген міндеттер орындалса, аталған мәселелер де өз шешімін табуы мүмкін:

А) заң жоғары оқу орындары жанынан медиация орталықтарын құру, олар медиацияның тәжірибелік жағын зерттеп, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етіп, тәжірибені зерттеу мен жалпылауды жүзеге асырады, медиаторларды арнайы дайындықтан өткізеді;

Б) аталған орталықтарда кез-келген қиындық деңгейіндегі құқықтық даулармен жұмыс жасай алатын білікті медиаторларды даярлау және шығару;

В) медиация жалпылама насихаттау, туындаған мәселелерді шешудің ең әмбебап және тиімді әдісі ретінде медиацияны пайдаланудың артықшылықтарын халыққа түсіндіру.

Дегенмен де делдалдықты заң формаларымен үйлестірудің сәйкес механизмдерін дайындау өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, Делдалдық туралы Заң жобасы өз күшіне еніп және АПК, ҚПК, ӘҚБК және басқа да бірқатар нормативтік актілерге өзгерістер енгізілген сәттен бастап, біршама алға жылжу байқалды, алайда біршама уақыт өткеннен кейін қабылданған құқықтық актілердегі кемшіліктердің туындағанын да жоққа шығара алмаймыз. Жақын уақытта шешілуі тиіс негізгі мәселелерден бөлек, соттар мен тергеу органдарының медиация шеңберінде дауларды шешу құқығын түсіндіру әдістемесінің, дайын механизмдердің, сот үрдісіндегі дауды медиация берудің құжаттық түрлерінің жоқтығы, құқық қорғау органдары мен соттардағы медиацияны жүргізу мен істерді қарау үрдісінің үйлеспеуі, медиация бойынша келісімге қол жеткізу мен сорт үрдісі арасындағы өзара әрекеттесу механизмін реттей заңнамалық базадағы кемшіліктерге де назар аудару қажет.

Бұл мәселелердің барлығы да заңнамалық реттеуді, жағдайды тәжірибелік әдіспен шешуді талап етеді. Медиация туралы заңнаманы қолдану тәжірибесін қалыптастыру керек, бұл жұмыс сапасы мен соттар, тергеушілер мен медиаторлардың тиімділігін арттырады.

Осылайша, медиация саласындағы заңнаманы жетілдіру Англия, Германия, Австралия, Нидерланды, Финляндия және Израиль, АҚШ, Канада және Ресейдегі делдалдық институт пен сот органдарының тәжірибесі мен өзара әрекеттесуін зерттеу мен өзімізге бейімдеуге негізделеді [5]. Осы мәселеге қатысты медиация көмегімен кез-келген дауды шешу және келісімге қол жеткізу бойынша сот пен тергеудің кәсіби медиаторлармен бірлесе жұмыс жасау механизмдерін дайындау керек. Шет елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, медиациялық келісімдер жасау арқылы істер бойынша іс жүргізу тоқтатылып, ерікті негізде жаңа және қарсы арыздар беріледі, әрі қарай іс қозғалмайды, себебі дау өз түбегейлі шешіледі.

Сонымен бірге, делдалдықтың дамуына байланысты қиыншылықтар Европа Кеңесі Министрлер Комитетінің Сот органдарына шектен тыс ауырлық түсіруге жол бермеу және жүктелімді азайту шектеру туралы құжаты аясында; Европалық парламентінің Директивасы мен Европа Одағы Кеңесінің 2008/52 Азаматтық және коммерциялық істердегі делдалдықтың кейбір тұстары туралы қаулысында қарастырылған, осының арқасында көптеген европалық елдерде делдалдықтың құқықтық нормалары нығайып және кеңейіп келе жатыр; оған қоса бұл мәселелер 1998 жылғы Венадағы, 1999 жылы Тампердегі Европа Одағына мүше елдердің кездесуінде де кеңінен қаралды [6]. Делдалдық көмегімен дауларды шешудің ең үздік әдісі БҰҰ Жарғысының 33-бабында көрсетілген. Заманауи қоғамда медиация Австралия, Испания, Жаңа Зеландия, Канада, Австрия, Бельгия, Ұлыбритания, Франция, Италия, АҚШ, Нидерланды және Англия [7] сияқты бірқатар елдерде кеңінен таралған.

Делдалдықтың сотта қараудан негізгі айырмашылығы тараптардың ортақ шешімге келуді қалауында. Делдалдық көмегімен дауды шешу кезінде ақырғы нәтиже тараптардың өздеріне байланысты, ал делдал үрдісті реттеп және бейтарап позицияны ұстану арқылы дауды шешу жолдарын іздестіруде тараптарға сәйкес қолдау қызметін көрсетеді [8]. Медиацияның тағы бір артықшылығы бар, мұнда келіссөздер үрдісі толықтай көрерменсіз, бөтен адамдардан жасырын өтеді, оған тараптардан басқа ешкім қатыспайды.

Келіссөздер барысы үшінші тұлғаларға ешқашан жария етілмейді және сөйлесулер барысында белгілі болған барлық ақпарат құпия сақталады және жалпыға ортақ талқылауға шығарылмайды, бұл да өте маңызды факторлардың бірі.

Медиацияны үлкен бизнес саласында пайдалану да шынайы қызығушылық тудырып отырған бағыттардың бірі. Өз кезегінде бұл сот үрдісінде үлкен көлемдегі қаражатты үнемдеуге жағдай жасайды. Оған қоса, алпауыт корпорациялар («GeneralElectric», «Motorola», «Toyota» және т.б.) да барлық даулардың 50 пайыздан астамының медиация көмегімен шешілетінін растап отыр [9].

Сонымен қатар медиацияны бизнесте қолдану кез-келген жағдайды шешудің ең үздік және тез әдісі болып отыр. Делдалдық әдістерді қолдана отырып, кәсіпорындардың қызметін, тіпті кейде толықтай бір саланың дамуына кедергісін тигізетін даулы жағдайларды еңсеріп және алдын алуға болады. Оған қоса бизнестегі медиацияның тоғысу нүктелері ретінде кәсіпорындағы жекелеген тұлғалар, топтар, бөлімдер арасындағы даулардағы делдалдықты; тараптар, серіктестіктегі серіктестер арасында, алқа орган мүшелері арасында, заңды тұлға органдары арасында мәселелерді реттеу кезіндегі делдалдықты атауға болады.

Сонымен бірге, медиация шет елдерде инфрақұрылымды қалыптастыру, қалдықтарды қайта өңдеу, өндірістік ғимараттарды салу, аймақтық жоспарлау саласындағы жергілікті және аймақтық бағдарламалардағы түбегейлі жаңа механизм ретінде қолданыс табуда. Әдетте, медиация институтын жобаларды іске асыруда қолдану өте тиімді, мұнда экономикалық және әлеуметтік мүдделермен бірге қоршаған орта, өмір сапасы, табиғи-аймақтық даму мәселелерді де талқыланады.

Медиацияның негізі – келіссөздер. Оң нәтижеге қол жеткізу үшін тараптардың қайшылықты жоюға деген талпынысы жеткіліксіз, оған қоса мұнда делдалдың кәсіби біліктілігі де орасан зор рөл атқарады. Қоғамда қатысушылар үшін қолайлы жағдай қалыптастыратын медиацияға сұраныс туындай бастағаннан кейін, қазіргі уақытта біз білетін еңбек нарығындағы жаңа мамандық пайда болды. Медиатордың міндеті дау туындаған сәттен бастап оны шешуге қолдау көрсету. Сонымен бірге медиатор қатысушылар арақатынасты өздері қалыптастырып, пайдалы позициясын сақтау арқылы мәселені шешудің ең үздік жолдарын ұсынатындай сипатта келіссөздерді жүргізуі керек. Сонымен қатар медиатор позиция мен сезімдер, мүдделер, жағдайлар, ұсыныстар, қатысушылардың қажеттіліктері дұрыс көрініс тауып және әрі қарай мүдделі тұлғаларға жетуіне қолайлы жағдайлар жасайды. Бұл кезеңде, қақтығыстың мәнін анықтағаннан кейін, медиатор бірлескен шешім дайындайды, екі жақтың да көңілінен шығатын дауды шешу жолын көрсетеді. Аталған үрдіс дауды және оның барысында туындайтын жағымсыз эмоцияларды айналып өтіп қана қоймай, сонымен бірге сенімге негізделген жаңа келісімдерді жасауға жол ашады.

Негізінен құқық субъектілері барлық процесстік нормаларын сақтала отырып құқық қолданылатын дауды реттеудің соттық процедураларын жиі пайдаланады. Сонымен бірге, көп жағдайда сот шығарған шешім екі тараптың да көңілінен шықпайды, тәжірибе көрсеткендей, бұл жоғары инстанцияға қайта шағым түсіруге, шешімді орындауда жалтаруға алып келеді, тараптардың арасындағы қарым-қатынасты бұрынғысынан да күрделендіріп жібереді. Ал, рұқсат қоғамда рұқсат етілген қатынас нормаларын сақтамау, мінез-құлық ерекшеліктері, адамдықтан ауытқитын іс-әрекеттер қоғам тарапынан тек сынау мен жазалаудан басқа да үн қатуды қажет етеді. Қазіргі сәтте сот жүйесінде дауларды шешу тиімді емес, кей кездері тіпті коммерциялық және басқа да іскерлік байланыстардың түбіне жетуі де ғажап емес, себебі сот жүйесінің құрылымы мүлдем басқа, мұнда қарсыласыңмен достық, сенімді қарым-қатынасты сақтап қалу өте қиын. Көріп отырғанымыздай, медиация сияқты жеңіл, бейімделгіш және шығармашылық тәсілді пайдалану дауларды шешу құралдарын жетілдірудегі оңтайлы қадамдардың бірі.

Барлық татуластыру үрдістерінің негізінде келіссөздер жатыр, олардың түрлері, күрделілік деңгейі мен жетілдірілу деңгейін зерттеуді қажет ететін тақырыптар. Татуластырудың қажетті жағдайларын қалыптастыру барысында келіссөздердің нақты формаларын анықтап, таңдап, оның бағытын,

шектерін, процедура сипатын белгілеп, бірқатар критерийлерді дайындап алған жөн. Барлық татуластыру процедуралары дұрыс жүргізілген жағдайда дауды тез және жемісті шешуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге күрделі іскерлік жобаларды жасай отырып, әртүрлі сипаттағы даулардың туындайтынын ескеру қажет және оларды дау серіктестіктің негізі болатын сенімге селкеу түсірмейтіндей сипатта шешуге дайын болған дұрыс. Бұл даулар мен қайшылықтар жиі кездесетін алып құрылыс және инфрақұрылым жобаларын үшін ауадай қажет. Мұндай жағдайларда дауларды шешудің көп сатылы жүйесін пайдалануға болады. Өз кезегінде медиация құқықтық жүйеде белгілі бір сүзгі рөлін атқарады, себебі арбитраж немесе сотқа тек қажетті заңды негізді талап ететін ең күрделі даулар ғана өтеді.

Оған қоса, мәмілелер жасау кезінде заңгерлер клиенттеріне шарттағы медиатордың делдалдығы туралы қосымша ақпаратты қосуға кеңес берсе дұрыс болар еді. Жоғарыда аталған қосымшаны міндетті тәртіпте енгізу қос тарап үшін де қолайлы, өйткені олар ұзақ мерзімді қатынасты және өздерінің репутацияларын сақтап қалғысы келетіні сөзсіз. Сонымен бірге заңнамада делдалдық жайлы осы қосымшаның сотта ескерілуі керек екені жайлы да айтылуы тиіс.

Тараптардың мүдделері негізінде дауларды шешудің тағы бір түрі оған талдау жасау және даулаушы компаниялар басшылығының шешім шығаруы. Әдетте алпауыт корпорациялардағы басшылық компания атынан заңды күші бар шешімдер қабылдауға мәжбүр, алайда олар ақпаратты дауға қатысы бар бағынышты адамдардан алатындықтан, көбіне толық ақпаратты білмейді, сынар жақты көзқараста болады. Сонымен қатар дауды тиімді шешіп және болашақта мұндай мәселелерге жол бермеу үшін жағдайды толық көлемде жан-жақты және объективті бағалау керек.

Орын алған жағдайда компания заңгерлері даудың мәнін комиссияға қысқаша түсіндіреді, комиссия аталған компаниялардың жоғары лауазымды тұлғаларынан тұрады және оған аталған үрдісті басқаратын тәуелсіз үшінші тұлға төрағалық етеді. Осыдан кейін комиссия әр қатысушыны тыңдайды және компаниядағы жалпы жағдаймен танысып шығады. Компаниядағы даудың себебін анықтаған соң, басшылық делдалдың қатысуымен даудың мәніне қатысты келіссөздер жүргізеді. Бұл технологияның пайдаланудың бір ерекшелігі басшыларда даудың пайда болу себептері мен бағынышты тұлғалар жайлы толық ақпарат болады, сондықтан да олар ортақ күш салу арқылы қажетті келісімге келеді. Сонымен бірге компания мен қатысушылардың мүдделері және мұндай даулар алдағы уақытта басқа компания қызметкерлері арасында туындамауы үшін жұмыста қолайлы жағдайлар жасау қажеттілігі ескеріледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ахпанов А. Медиаторство как метод разрешения гражданских и трудовых конфликтов в Казахстане // <http://www.ipr.kz/analytics/1/1/196>
2. Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020, утв. Указом Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858
3. Закон РК от 17.02.2012 года № 565-IV ЗРК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты РК по вопросам совершенствования апелляционного, кассационного и надзорного порядка рассмотрения дел, повышения уровня доверия и обеспечения доступности к правосудию» // Информационная система «Параграф»
4. Загайнова С. К., Шереметова, Г. С. Круглый стол: Медиация в нотариальной деятельности: основные модели и особенности их реализации / Загайнова С. К., Шереметова Г. С. // Российский юридический журнал. – 2011. – № 5. – С. 25-29;
5. Гущева Ю. В. Методологические предпосылки общетеоретического анализа категории «примирительная процедура в праве» / Гущева Ю. В. // Юридическая наука и практика: Вестник Нижегородской академии МВД России. – 2010. – № 2. – С. 296- 299
6. Visentin M. Compendium of Best European Practices on Mediation for Civil Cases // <http://a-to-j.ru/index.php?s=research>
7. Stulberg J.B., Love L.P. The middle voice: Mediating conflict successfully. – 1 st ed. USA, Carolina Academic Press.
8. Чуча С.Ю., Храмов К. В. Проблемы применения процедуры медиации в арбитражном процессе / Чуча С.Ю., Храмов К.В. // Вестник Омского Университета. – 2011. – №1. – С. 9-11
9. Spencer D., Brogan M. Mediation law and practice. Cambridge University Press, 2010.